Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

20 ақпан сейсенбі
№15 (2025)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Көктем шыға үйлі болғысы келетіндер үшін жаңа бағдарлама іске қосылмақ. Атауы да ұлттық құндылықпен астасып жатыр.

Ақпарат көздерінде елімізде 1 наурыздан бастап жаңа ипотекалық бағдарлама басталады деген хабар тарағалы көпшілікте сұрақ көп. Әсіресе «Бұл қандай бағдарлама?», «Баспанасы жоқтарға пайдасы тие ме?» дейтіндер аз емес.

ЖАҢА БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАЛАБЫ ҚАНДАЙ?

Коллаж авторы деректерден

Шынтуайтына келгенде, бұл – бұрын көпшілікке «9-20-25» деген атаумен таныс бағдарлама. Наурыздан бастап «9-20-25» бағдарламасы «Отау» атауымен жүзеге асырылатын болады. Мамандар 1 наурыздан бастап 30 сәуірге дейін азаматтар Баспана маркет (otbasybank.kz) порталында бағдарламаға қатысуға өтінішін жолдай алады дейді.

– Жыл сайын біз қаржыландыруға 150 млрд теңге бағыттаймыз. Бұл ақша «Отбасы банктің» өз қаражаты есебінен бөлінеді, сондай-ақ Қазақстан қаржы нарығынан да қарыз алып, қаражат тартуды жоспарлап отырмыз. «Отау» бағдарламасы 7 жылға есептелген. Осы кезеңде біз 50 мың азаматтың тұрғын үй мәселесін шешуге көмектесеміз, – дейді «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова.

2-БЕТТЕ

Қала әкімі Серік Қожаниязов қалаға қарасты Тасбөгет кентін аралады. Ондағы мақсат – кенттегі бірқатар нысанның тыныс-тіршілігімен танысу.

ТАСБӨГЕТТЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАППАҚ

Шаһар басшысы алдымен №4 қалалық емханаға барып, дәрігерлермен кездесті. Кездесу барысында бір ауысымда 500 адамға қызмет көрсетіп отырған емхананың қазіргі жағдайын ескере отырып, қосымша ғимаратқа көшіру мәселесі талқыланды. Қала әкімі бұл бағытта тиісті жұмыстар жүргізілетінін жеткізді.

Одан кейін қала әкімі аумағы 13,5 гектар болатын бейіт айналасын қоршауға қажетті жұмыстарды пысықтады. Сонымен қатар кенттегі КОПЭС саяжайына баратын жолды көрді. Қазіргі уақытта ұзындығы 5,5 шақырым болатын көшеге орташа жөндеу жұмыстары үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, облыстық бюджеттен қаржы күтілуде.

Қала басшысы кенттегі орташа жөндеу жүргізілетін және жаяу жүргінші жолдарын, жарықтандыруды қажет ететін көшелерді де аралап, құрылыс жұмыстарына қаржы бөлу мүмкіндіктері қарастырылатынын жеткізді.

– Жалпы биыл қалада біраз ауқымды жоспарлар жүзеге асқалы тұр. Сонымен қатар тек қала ғана емес, қалаға қарасты елді мекендерде назардан тыс қалмайды. Кенттегі бірқатар нысандарды араладық. Әр нысан барысында шешілуі тиіс мәселелер бар. Алдағы уақытта бәрі рет-ретімен шешімін табады, – деді қала басшысы.

Бұдан бөлек, қала әкімі кентте орналасқан кәріз суларды модульді биологиялық тазарту станциясына барып, ондағы жұмыс жүйесін көрді. Көптен бері тұрғындардың өзекті мәселесіне айналған тазарту станциясынан қысымды коллекторлар арқылы кәріз суларды Титов қыстағында орналасқан биологиялық тазарту станциясына дейін бұру жұмыстарының жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, қазіргі таңда сараптаманың оң қорытындысы күтілуде. Осы жоспарланған жұмыстардың нәтижесінде Тасбөгет кентіндегі кәріз сулардың жағымсыз иісінің мәселесі толығымен шешілетін болады.

P.S. Қала басшысының қаланы аралауы мұнымен тоқтаған жоқ. Алдағы уақытта жалғасын табады.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ
Сурет қала әкімдігінен алынды

ПЕДОФИЛГЕ қандай жаза лайық?

Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Балалар – еліміздің жарқын болашағы. Бірақ олардың барлығы жарқырап емес, кейбірі жылап, енді бірі алдағы өмірінің қалай болатынына жабырқап жүр. Себебі олар – зорлық-зомбылықты көрген балғындар. Иә, соңғы кездері тек балалар үйінің тәрбиеленушілері ғана емес, қарапайым отбасы балалары да зорлық көруде. Оған қоса қоғамда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа жол бермеу жөніндегі талап-тілектер жиіледі. Оған себеп болған оқиғалар осы мәселеге жіті назар аударуды қажет етіп отыр.

3-БЕТТЕ

СҰХБАТ



Тұлға ретінде дамысам, маман ретінде мүмкіндіктерге ие болсам деп шетел асқан қазақ жастары қаншама. Дегенмен Америкадағы ауылынан алыстап, қазақ еліне, оның ішінде Қызылордаға келген шетелдік кемде кем. Осы орайда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде мұғалім боп, тәжірибе алмасу үшін келген американдық Анна Кубаспен сұхбаттасқан едік.

Анна КУБАС,
АҚШ-тан келген мұғалім:

ӘЛЕМДІ ҚАЗАҚТЫҢ КӨЗҚАРАСЫМЕН ТАНЫП ЖҮРМІН

4-БЕТТЕ

Аязды ақпанның ақтутек бораны

Биылғы ақпан айы ерекше қара суығымен естен тандырып тұр. Әсіресе сақылдаған сары аязы шыдатар емес.

Негізі ақпан айында «Ақпан-Тоқпан» деп аталатын амал бар. Ел аузындағы сөзге сенсек, Ақпан-тоқпан кезінде қар жауып, жел тұрып, боран болып, аяз күшейеді екен. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда «Ақпан-тоқпан амалы – үш-жеті күндік қатты суық амалдың екінші атауы» деп анықтама берген. Бұл амалдың тағы бір атауы екі ағайынды екен. Ал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» 1974 жылғы I томында «Ақпан-тоқпан алты күн» деп жазылған.

Бұл амалдың атауы қалай шыққан? Бану Әбдіғалиеваның жазуынша, Ақпан мен Тоқпан есімді ағайынды екі жігіт кезекпен қой баққан екен. Ақпан қой жайған күні ауа райы кенеттен бұзылып, қоймен бірге далада үсіп өлген. Сол қыс жұтқа айналып, содан Ақпан амалы қалған деседі. Бұл амалдың «екі ағайынды» аталуы да ағайынды екі жігітпен байланысты болып тұр.

Ақпан айындағы бұл амал жазушы Тәкен Әлімқұловтың «Ақбоз ат» романында кездеседі. Шығармада: «Алақан қышытып, әпшімізді қуырған ақпан-тоқпан да өтті. Күн райы да сынып, арқамыз кеңи бастады», – деп берілген жолдар сөзімізге дәлел.

Аязымен бетті қарып бара жатқан ақпандағы боранның себебі осы екен. Бұрынғылардың сөзімен айтсақ, «бұлт артынан күн шығар» уақыт та келеді.

А.БЕК

ОТАН ДЕП ОТ КЕШКЕН

Менің атам Маханбетов Жалмағамбет 1912 жылы Қызылорда облысы, Сырдария ауданына қарасты Комсомол ауылында дүниеге келген. Сауатын бала кезінде араб ғарпімен ашқан атам, кейіннен Кеңес Үкіметі құрылған тұста орта мектепті бітіріп, жастайынан еңбек жолын бастап кеткен.

1938 жылы Қызылорда облысы, Сырдария аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырылып, Кеңес үкіметі мен Финляндия арасында болған соғысқа қатыстып, екі рет жарақат алған. Сонымен қатар 1941 жылдың тамыз айынан бастап Кеңес Үкіметі армиясының 253 атқыштар дивизиясында (аға сержант) бөлімше командирі болып, Ұлы Отан соғысында елімізді жаудан қорғап, осы соғыста төрт рет жарақат алған.

Атамыз соғыстың алғашқы сағатынан соңғы сәтіне дейін қатысқан. Ұлы отан соғысында Украина, Ресей, Чехословакия және Германия қалалары мен елді мекендерін басқыншылардан азат етуге қатысып, қан майданда от пен оқтың ортасында жүріп, мемлекеттік марапаттарға ие болды. Оның ішінде атап айтатын болсақ, отанды қорғау және әскери борышын орындау кезінде көрсетілген жеке батылдығы үшін 1943 жылы берілген «Қызыл Жұлдыз» ордені (Орден красной звезды), «Ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған. Атамыздың соғыс кезіндегі бір арманы Берлинге жету болатын дейтін балалары. Бірақ Германияның Дрезден қаласында 2 мамыр 1945 жылы үлкен шайқаста аяғынан жараланып, госпитальға түседі де, Берлин қаласына жету арман болып қалады. Майдан алаңында алты рет жарақат алған атам 1945 жылы соғыс аяқталған соң елге оралады.

Әлі есімде, атам жарақатын ауырсынып, қабағы түйіліп, жиі мазасызданатын еді.

Отбасылық жағдайына келетін болсақ, әжеміз Мамытбайқызы Бибігүлмен соғысқа дейін отау құрып, 13 баланы дүниеге келтірген. Алайда түрлі ауру себептерімен 13 баланың төртеуі (Асылбек, Төлепберген, Толеукүл, Жұмақүл) ғана тірі қалған. Мен сол Асылбектен тараған үлкен немересі боламын.

Соғыстан кейінгі елдің ахуалы өте ауыр болды. Азып-тозған елді мекендер, жартылай аш-жалаңаш, арқа сүйер азаматтарынан айырылған халық. Елдің әл-ауқатын көтеру үшін бәрін басынан бастап қайта құру керек еді. Соғыстан аман оралған азаматтарды елінде үлкен еңбек майданы күтіп тұрды. Осы еңбек майданына білек сыбана кіріскеннің бірі менің атам еді.

Қызылорда обылысы, Сырдария ауданына қарасты Қарауылтөбе ауылының алғашқы өркендеуі мен дамуына атсалысып, сол ауылда ферма меңгерушісі, егін шаруашылығында «бригадир», «звеновод» болған. Сонымен қатар, Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығында күріш өсірумен айналысқан. Күріштің әр гектарынан 80 центнерден өнім алған атам жеткен жетістіктері үшін облыстық, аудандық марапаттар мен сыйлықтарға ие болғанын ауылдағы атамыздың көзін көрген ақсақалдар әрдайым айтып отырады.

Мен Отан деп от кешкен, ел деп еңбек еткен жанның немересі болғанымды мақтан етемін.

Төребек МАХАМБЕТОВ,
майдангердің немересі

БЕРЕКЕ КЕТКЕН ЖЕРДЕ БАҚ БОЛМАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Абай пәлсапасындағы толық адам идеясын үнемі айтып келеді.

Шынында, Абай ойының кейбір тұсы біздің заманға да дөп келетін секілді. Шен мен шекпен, атаққұмарлық, жылтыраған жылы сөзге елітіп, мақтаншақтыққа бой үйретіп барамыз. Қоғамның осындай бойкүйездігіне мойынсұнсақ, ертең бізден өнеге алар ұрпақ «ұяда не көрсе ұшқанда соны іледінің» кейпіне түспей ме? Арзан атақ пен мансапқұмарлық кімге опа берер дейсің? Әлеуметтік желіде қызу талқыға түсіп жатқан орден, медальдарды сату жайлы жазба кімкімді де бейжай қалдырмайды. Сол жайдан көбіміз хабардармыз. Бірақ селт етпейміз. Себебі жалған мақтаншылық бізге жабысқан дерт секілді санамызды улап тастағандай. Сырты бүтін, іші түтін болып алған медаль кімге керек? Жалпы жалған нәрсенің абырой әкелгені бар ма? Ішкі жан дүниең рахаттанып, кеудеңді мақтаныш кернеп, таза маңдай теріңмен алмаған атақ пен даңқ ешқашан мерейіңді өсірмейді. Ол рухыңды күйретеді, бойыңдағы серпін мен күш-қайратыңды, жігеріңді жасытады.

Абай ұлттық мінез мәселесіне екі тұрғыда көңіл бөлген. Біріншісі – ұлттық қасиетті дәріптеу. Екіншісі – отаршылдық заманда қазақ қоғамына жүргізілген идеологияның салдарынан туындап отырған мәселе мінез түрлері. Атап айтсақ, жағымпаздық, намыссыздық, мансапқорлық, даңғойлық, екіжүзділік, парақорлық, атаққұмарлық, жеңілтектік және тағы басқалары. Осы мінез түрлері қоғамға орнығып, күш алып кетсе ел мәдениетінің әлсіреп, түбінде жойылатындығын айтқан.

– Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы.
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.

Ойшылдың ұғымынша, қоғамдық санаға, көңілкүйге әсер ететін жекелеген адамдардың түсінігі, ой өрісі, іс-әрекеті. Қоғам уақыттың, тарих пен болашақтың талабынан тысқары, айналып өтпейді. Қоғам алдында қабілетті, зерек, ақылды әрі білімді, ерік-жігері мол, табанды адамдар жүретін болса қоғамдық санада жаңа өзгеріс пайда болмақ.

– Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Абай ұлттың мінезін бұзып, қоғамның тұтастығын жоятын адамзат бойындағы жалған, алдамшы әрекет жайлы көп айтқан. Абайдың ұғымында ел мүддесіне қызмет ететін адамның болмысы мемлекет пен халықтың, тарих пен келер уақыттың арасында рухани көпір болуға тиіс. Халықтың сенімінен шығатын зиялылар арқылы қоғамға жақсы тәрбие мен бағыт берілсе, қоғамның мінезі ұлттық сипатқа ие болмақ. Би, шешен, ақын, жырау, батыр, бай адам болсын ел мүддесін өз мүддесінен жоғары қоюы керек. Бірбірінің сөзіне келіспей, бас-басына билік құрып, әркім әр жаққа тартса, «Аққу, шортан һәм шаян» деген мысалдағы бассыздыққа тап болып, ел ішінен береке кетеді. Береке кеткен жерде бақ та, дәулет те, игілік те болмайды. Алға басқан қадамың кері кетеді.

Ұлттық мінезге қатысты Абай өзінің отыз тоғызыншы қара өзінде былай деп жазады: «Біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың әлгі екі мінезін біржола жоғалтып алды. Осы күнгілер өзге мінезге өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай, сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік, мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, сайтандыққа тартып барады. Елдіктен кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді. Ол екі мінез қайсы десең, әуелі ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қон болса, дау-жанжал болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Екіншісі – намысқой келеді екен. Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға, өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. Ендігілердің достығы – бейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық».

Абайдың айтуы бойынша, ұлттық мінез ұлттық болмыстың, оның мәдениетінің түп тамыры, қоғамның беріктігін сақтап отыратын негізгі қасиет. Қоғам қаншалықты дами берсін, өркениет жолына ерте түскен мемлекеттің өзі үнемі тұрақтылыққа, бірқалыпты дамуға көңіл бөліп отырады. Қоғамдық дамудағы тұрақтылық мәдени үрдіске келіп тіреледі.

Абайдың идеясы өміршең. Ол бүгінгі болмысымызға да, болашақ ұрпаққа да ауадай қажет. Жас буынның тәрбиесі Абай тәлімінен алыстап кетті. Бұрын жас кезімізден Абайдың өлеңдерін, қара сөздерін жаттау әр адамның борышындай сезілетін. Данадан алшақтаған сайын оның берген ғибратын бойға сіңіре алмаймыз. Оны түсініп, бойға сіңірсек, ұлттың ұранына айналса, көп күрделі мәселенің түйіні шешілер еді. Әлем халықтарын сусындатып жатқан маржан дүниеден өз ұлтымыздың ұл-қыздарының кейбіреуі бейхабар десек шындыққа жанасады. Ал тілі орысша шыққандар, орысша ойлайтындар құндылықтың тереңіне бойлайды деп айта алмаймыз. Сондықтан Абайдың рухани әлемін меңгеру үшін ана тілімізді терең білу керек. Сонда ғана дананың ғибратын яғни түрлі мінез кеселінен қалай құтылу жолын дәл табасың. Табасың да өз-өзіне есеп беріп, жаман қасиеттеріңді көруге көкірек көзің ашылады. Міне, Абай ұлылығы осында жатыр. Ұлт мақтанышы Абайдың идеясы әлем ойшылдарының идеяларынан кем түспейді, солармен астасып жатыр. Тап қазіргі қоғамдағы шиеленістерде Абай пайымындағы ұлылық пен тереңдікке сүйенген жөн. «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» демекші, қазақтың данышпаны жылатып айтқан. Абай философиясы ойыңды тұңғиыққа жетелегенмен, ұлтымызды ізгілікке, адами қасиеттерге баулитын үміттің жарық сәулесі.

Ғаухар ҚОЖАХМЕТОВА

ЖАҢА БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАЛАБЫ ҚАНДАЙ?

Көктем шыға үйлі болғысы келетіндер үшін жаңа бағдарлама іске қосылмақ. Атауы да ұлттық құндылықпен астасып жатыр.

Ақпарат көздерінде елімізде 1 наурыздан бастап жаңа ипотекалық бағдарлама басталады деген хабар тарағалы көпшілікте сұрақ көп. Әсіресе «Бұл қандай бағдарлама?», «Баспанасы жоқтарға көмегі тие ме?» дейтіндер аз емес.

Шынтуайтына келгенде, бұл – бұрын көпшілікке «9-20-25» деген атаумен таныс бағдарлама. Наурыздан бастап «9-20-25» бағдарламасы «Отау» атауымен жүзеге асырылатын болады. Мамандар 1 наурыздан бастап 30 сәуірге дейін азаматтар Баспана маркет (otbasybank.kz) порталында бағдарламаға қатысуға өтінішін жолдай алады дейді.

– Жыл сайын біз қаржыландыруға 150 млрд теңге бағыттаймыз. Бұл ақша «Отбасы банктің» өз қаражаты есебінен бөлінеді, сондай-ақ Қазақстан қаржы нарығынан да қарыз алып, қаражат тартуды жоспарлап отырмыз. «Отау» бағдарламасы 7 жылға есептелген. Осы кезеңде біз 50 мың азаматтың тұрғын үй мәселесін шешуге көмектесеміз, – дейді «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова.

Кімдер қатыса алады деген сұраққа келетін болсақ, бағдарламаға «Отбасы банк» салымшылары, оның ішінде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар қатысады. Оның өзінде бірнеше талабы бар. Атап айтқанда, үміткердің жинақ шоты ең кемі 18 ай болуы керек, сондай-ақ өтінім беру сәтінде депозиттегі жинақ сомасы 1 млн теңгеден кем болмауға тиіс. Бұдан бөлек бағдарламаға қатысушыда және оның отбасы мүшелерінде кейінгі 5 жыл ішінде жылжымайтын мүліктің болған-болмағаны қатаң тексеріледі. Астана және Алматы сынды еліміздің бас қалаларынан тұрғын үй алғысы келетіндердің сол қалаларда тұрақты тіркеуі болуы қажет екен. Жобаға 18-63 жас аралығындағы кез келген азамат қатыса алады. Соған қарамастан 35 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастарға басымдық беріледі.

Қолда бар деректерге сүйенсек, өтінім беру уақыты аяқталғаннан кейін otbasybank.kz сайтында қатысушылар тізімі автоматты түрде жасақталады. Тізімге ең көп ұпай жинағандар кіреді. Ал енді ұпай саны қалай есептеледі дегенге келейік. Салым бойынша сыйақы мөлшері үшін әрбір 1 000 теңгеге 5 балл қойылады. Бұдан бөлек салым мерзімі үшін салымның әрбір жылы үшін 5 балл берсе, тіркелген неке үшін 10 балл қояды.

Басы 1-бетте

Балаларыңыз болса, тіпті керемет. Өйткені балаларыңыз болғаны үшін 50 балл береді екен. Бұл жерде бала санына қарамайтынын назарға алу керек.

Егер үміткерлердің ұпай саны бірдей болып қалса, не істейді? Мамандар онда басымдық салым сомасы көбірек және жинақтау мерзімі ұзағырақ адамдарға берілетінін мәлім етті. Іріктеуден өткен қатысушылар 40 жұмыс күні ішінде несиелік өтінім бере алады. Банктен оң мақұлдау алған жағдайда несиелік өтінім 6 ай ішінде жарамды болады. Осы уақыт аралығында бағдарламаға қатысушы баспана тауып, несие алып, тұрғын үйді сатып алуы керек.

«Отау» бағдарламасының негізгі шарттарына келетін болсақ, алғашқы жарна 20%-дан басталады және кредит бойынша мөлшерлеме жылдық 9% (ЖТСМ 9,2%-дан басталады) болса, несие мерзімі 19 жылға дейін деп бекітілген. «Отау» бағдарламасын іске асырудың барынша ашықтығы үшін оның қатысушыларының тізімі (заем алушылардың келісімімен) «Отбасы банкінің» сайтында жарияланады. Әрбір адам өтінімдерді іріктеу және ұпайларды есептеу нәтижелерімен otbasybank.kz порталында таныса алады.

Бағдарлама арқылы қанша соманың көлемінде үй алуға болады деген де сұрақ туындайды. «Егемен Қазақстан» газетіндегі ақпаратқа сенсек, Алматы мен Астанадағы заемның ең жоғары сомасы 30 млн теңгеге дейін болса, басқа өңірлерде 18 млн теңгеге дейін қарастырылған. Бағдарламаға қатысушы жаңа тұрғын үйді Баспана маркет (otbasybank.kz) порталынан ғана сатып ала алады. Бұл қызмет жаңа тұрғын үй бағдарламасының басталуы аясында тұрғын үй бағасының жасанды өсуіне жол бермеуге арналған. Әрбір нысан аталған платформаға орналастырылмастан бұрын, тұрғын үйдің ағымдағы нарықтық бағасы негізінде құнын бекіту үдерісінен өтетін болады. Егер ол нарыққа сәйкес келсе, онда құрылыс салушымен шаршы метр бағасын белгілей отырып, тұрғын үйді сату туралы келісім жасалады.

«Отау» бағдарламасының негізгі шарттарына келетін болсақ, алғашқы жарна 20%-дан басталады және кредит бойынша мөлшерлеме жылдық 9% (ЖТСМ 9,2%-дан басталады) болса, несие мерзімі 19 жылға дейін деп бекітілген. «Отау» бағдарламасын іске асырудың барынша ашықтығы үшін оның қатысушыларының тізімі (заем алушылардың келісімімен) «Отбасы банкінің» сайтында жарияланады. Әрбір адам өтінімдерді іріктеу және ұпайларды есептеу нәтижелерімен otbasybank.kz порталында таныса алады.

А.АҚЫЛБЕК

ЖҰМЫССЫЗ ЖАСТАРҒА ЖАҢА ЖОБА

Елімізде жұмыссыз жастар үшін «Zhas project» жобасы іске қосылады. Енді жастарға өз идеясын жүзеге асыру үшін миллион теңге көлемінде қаржы берілмек. Аталған бағдарламаны мәдениет және ақпарат министрлігі жүзеге асырады.

Министрлік жанындағы жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров бағдарламаның уақытша жұмыссыз жүрген жастарға арналғанын айтады.

– 2022 жылдан бері жастарды жергілікті қоғамдастық қызметіне қайта тарту мақсатында «Zhas project» гранттық бағдарламасы іске асырылуда. Жоба өмірлік маңызды дағдыларды дамытуға және қоғам өміріне қатысуға, жеке тұлға мен әлеуметтік институттар арасында сенім орнатуға, әлеуметтік жобалардың тұрақты экономикалық моделін құруға бағытталған. Әлеуметтік маңызы бар бизнес-жобаларды оқыту мен іске асыру арқылы NEET санатындағы жастар оң және нәтижелі қызметке тартудың бірегей тәжірибесін алады. Бұл жобаға жұмыспен қамту және білім беру салаларынан тыс, уақытша жұмыссыз, білім беру ұйымдарында оқымайтын, кәсіптік даярлықтан немесе қайта даярлаудан өтпеген жастар қатыса алады, – деді комитет төрағасы.

«Zhas project» байқауына қатысушылардың жобасы жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталуы және 4 ай көлемінде іске асырылуы тиіс. Оны жүзеге асыруда жоба қатысушыларына білікті жаттықтырушыларды, тәлімгерлерді, психологтарды және әлеуметтік жобаларды іске асыру мамандарын тарта отырып, жастарға заңгерлік кеңес беру ұйымдастырылады.

Жобаны сапалы әрі тиімді жүзеге асыру үшін әр өңірде жобалық кеңсе ашылып, колл-орталықтар құрылған. Жастардың бизнес жобасын қабылдауға арнайы сайт ашылған. Сонымен бірге азаматтық бастамаларды қолдау орталығының cisc.kz ресми сайтында арнайы «Zhas project» жобасы үшін әр өңірдің байланыс нөмірлері көрсетілген.

Жобаларға конкурстық негізде 1 миллион теңге шамасында 280 шағын грант бөлінген. Жоба еліміздің барлық өңірінде іске асырылады. Байқауға NEET санатындағы 18 бен 35 жас аралығындағы Қазақстан азаматтары қатыса алады. Сонымен қатар олардан өңірде тұрақты немесе уақытша тіркеуде тұруы, сондай-ақ уақытша жұмыссыз жастар мәртебесінің болуы талап етіледі.

Жалпы құны 360 миллион теңгені құраған жоба 25 наурызда жүзеге асады. Ал өтініш беру 24 сәуірде сағат 23:59-ға дейін қабылданады. Ал 15 мамырда интернет ресурстар мен әлеуметтік желілерде іріктеу нәтижесі жарияланса, қараша айында үздік жобалар анықталмақ.

А.ӘЛІМ

ПЕДОФИЛГЕ ҚАНДАЙ ЖАЗА ЛАЙЫҚ?

«Алапаты қайтқан, тарих сахнасынан, санаттан кетіп, құлдыққа түскен елдің еркектері қатын сабағыш болады. Осылайша мемлекетті ұстап тұрған алтын діңгек – отбасы күйрейді. Мұндай шаңырақта дүниеге келген бала не көріп өседі? Сиықсыз, қораш өмір, ақылсыз әке, бейшара ана. Ақырында көңілі тапталған бала басқаның асылын таптап өседі» деген екен жазушы Таласбек Әсемқұлов. Өкінішке қарай әйелдерді күнге емес, күңге теңейтін адамдар кездесетіні жасырын емес. Оған дәлел – сайраған статистика. БҰҰ мәліметіне сәйкес, жыл сайын күйеуінің не серігінің қолынан қаза табатын қазақстандық әйелдердің саны жүздеп саналады, оның ішінде қате тиген таяқтың салдарынан сал болып қалғандар да аз емес. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиеваның мәліметіне сүйенсек, былтыр елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан 7 бала қаза тапқан, балаларға карсы 2452 қылмыс жасалған.

Негізі қарап отырсаңыз, көбіне зардап тартатын – әйелдер мен балалар. Соған орай жақында Мәжіліс әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы заң жобасы мен оған ілеспе түзетулердің жаңа пакетін дайындады. ҚР Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетовтің жетекшілігімен заң жобаларының таныстырылымы өтті.

Заң жобалары Мемлекет басшысының жолдауын жүзеге асыру мақсатымен әзірленіп, әйелдер мен балалар құқықтары және заңды мүдделерін қорғау шараларының тиімділігін арттыруға бағытталған. Бұл заң жобасының авторлары – Мәжіліс депутаттары Асхат Аймағамбетов, Елнұр Бейсенбаев, Дания Еспаева және Жұлдыз Сүлейменова.

АЙМАҒАМБЕТОВ АШЫҒЫН АЙТТЫ

Осы заң жобасына байланысты Асхат Аймағамбетов әлеуметтік желілерге өз ойын ашық жазды.

– Енді ұрып-соғудың бәрі қылмысқа жатады. Жауапкершілік қатаң болады. Сәбилерді өлтіргендер мен педофилдер Қазақстандағы ең ауыр жазаға тартылады.

Криминализация дегенде, ол тек қана әйелдерге қатысты норма емес екенін айтуымыз керек. Жалпы енді бір адам екінші адамды ұрып-соқса немесе денсаулығына жеңіл зиян келтірсе, оның жазасы әлдеқайда қатаң жауапкершілікке Қылмыстық кодекс шеңберінде қарастырылатын болады. Бұған қоса, ол азамат жұмыс бойынша міндетін атқару кезінде ұрып-соғуға іліксе (мысалы, жедел жәрдемнің жүргізушісі сияқты) онда жаза тіпті одан да қатаң болады.

Сәбилерді өлтіргендер мен педофилдерді өмір бойы бас бостандығынан айыруды да ұсындық. Бұрынғы 20 жылға қамауға қарағанда бұл – қатаң жаза. Осыны оқығанда көп оқырмандарым «ату жазасы болуы керек» деп жазуы мүмкін, бірақ өмір бойы қамаудан қатаң жаза Қазақстанда жоқ.

Балалар үйі мен балаларға арналған интернаттық ұйымдарға алдын-ала ескертпей-ақ, кез келген уақытта оларды тексеру ұсынылды. Оларға арналған жазғы лагерьлерді де лицензиялау туралы ұсыныс бердік.

Суицидті насихаттау үшін («синий кит» естеріңізде шығар) немесе суицидке итермелеу үшін қылмыстық жауапкершілік енгізуді де ұсындық, мұндай бұрын болмаған.

Отбасында зорлық-зомбылық жасаған адамдардың агрессивті мінез-құлқын өзгерту үшін сотқа психологиялық көмек көрсетуді міндеттеу уәкілеттілігін беруді ұсындық.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға сот шешімі бойынша үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге жәбірленушіні іздестіруге, қудалауға, оған баруға, ауызша, телефон арқылы келіссөздер жүргізуге және онымен өзге де тәсілдермен байланысқа түсуге тыйым салынатын ерекше талаптар белгілеу ұсынылып отыр.

Заң жобасында отбасы институтын нығайту бойынша дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қорғауға, сақтауға, нығайтуға және ілгерілетуге негізделген қағидаттарын бекіту нормалары қарастырылды. Осы заң жобасын даярлау кезінде түрлі ұсыныстар берген қоғамдық палата мүшелеріне, Парламентаризм институтына, бала құқықтары жөніндегі уәкілі Динара Зәкиевага алғыс айтамын. Үкіметтің қорытындысының алғашқы жобасы криминализация бойынша нормаларды қолдамау туралы болып еді. Тек қана Мемлекет басшысының нақты әрі айқын позициясының арқасында ол жоба өзгертіліп, бұл бастамалар қорытындыда қолдау тапты, – деп жазды мәжілісмен.

АЙУАНДЫҚПЕН АЙНАЛЫСҚАН АЗҒЫНДАРДЫ АЯМАУ ҚАЖЕТ

Еліміздің әртүрлі мәселелесін оңтайлы көтеріп жүрген, әлеуметтік желіде белсенді жерлесіміз әрі Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов те назардан тыс қалмады.

– Айтуға ауыз бармайтын, сәбилерді өлтіргендер мен айуандықтың ең сорақы дәрежесін іске асырып жүрген азғын – педофильдерге өмір бойы бас бостандығынан айыру нормасы енгізілді.

Заң жобасы зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтуге, суицидтің алдын алуға отбасы институтын нығайтуға, барлық үлгідегі және нысандағы интернаттық ұйымдарды хабардар етпей мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға, балаларға арнайы әлеуметтік қызметтер және білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсететін ұйымдарды міндетті лицензиялауға, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Нақтырақ тоқталсам, балаларға арналған жазғы лагерьлерді де лицензиялау туралы ұсыныс бердік, сондай-ақ ересектер еріп жүрмеген 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған баланы автобустан және өзге де қоғамдық жолаушылар көлігінен мәжбүрлеп түсіргені үшін 5 АЕК айыппұл төленетін болады. Алдағы уақытта Мәжілісте атал-ған заң жобасы бойынша түзетулер мен пысықтаулар жұмыс тобы аясында жалғасатын болады, – деген ойымен бөлісті.

ҚАТАҢ ЗАҢ ТИРАНДАРҒА ТҰСАУ БОЛА АЛА МА?

Осы сұрақ бойынша біз Қазақстандағы мықты заңгердің бірі, оған қоса отбасындағы және жалпы зорлық-зомбылық мәселесінің шешілуіне атсалысып жүрген азамат Бағдат Амандосұлына хабарласқанды жөн көрдік.

– Кейбірі педофилдерге «өлім» жазасын беруі керек деп жатыр. Менің өз ойым, оларға ату жазасын тағайындаудың керегі жоқ. Жалпы біздің заңда ату жазасы жоқ. Болмайды да. Себебі Қазақстан – демократиялық ел. Оған қоса Ата заңымызда да адам өмірі, оның құқығы бірінші орында тұрады.

Түсініп отырмын, балаға қорлық көрсетіп, қинап, зорлаған адамды неге өлтірмеу керек деген сұрақтың да болары белгілі. Бірақ заңгер ретінде айтар болсам, оларды өмір бойы бас бостандығынан айыру қажет. Тек өмір бойы түрмеде жатқызып қана қоймай, қатаң режимді ұсыну керек. Оған қоса ол адамға ең ауыр жұмысты жүктеу қажет. Біз олардың денсаулығын, күш-қуатын ауыр жұмысқа жұмсау арқылы пайдалануға тиіспіз. Міне, заң қатал болса, алдағы уақытта педофилдер қатары азаяды деген ойдамын. Өйткені кім өмір бойы түрмеде жатып, жанын қинап, қара жұмыс істегісі келеді? Себебі түрмедегі өмір – өмір емес. Олар да ойланады.

Жалпы өзім заңгер ретінде осы уақытқа дейін екі педофилге байланысты іс жүргіздім. Біреуі – 16 жылға, екіншісі – 18 жылға темір торға кетті. Ал осы кезде үшінші педофилдің ісін жүргізу үстіндемін, – деді заңгер.

ТҮРМЕНІҢ АТЫ – ТҮРМЕ

Бағдат Амандосұлы тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне де тоқтала кетті.

– Біріншіден, ер адамның басынуы қыз баланың өзіне де байланысты.

Қол ұстасып, дос болып жүрген кезінен: «Маған қол көтерген адамды ешқашан кешіре алмаймын. Бірінші жұдырық тигеннен құзырлы органдарды шақырып, соттатып жіберемін» деп айтуы керек. Егер жігіттің менталитеті өзге болса, осы сөзден-ақ ат ізін салмасы анық. Екіншіден, әйел адам ештеңеден қорықпауы керек. Қол көтерді ме, полиция шақырсын. Полиция, күйеу, ата-ене, қайын жұрт, бала «арызыңды қайтарып ал» деп етектен тартып тұрса да, соңына дейін істі жеткізгені жөн. Еркек он күн түрмеде жатып шыққаннан қылмыскер атана қоймайды. Оның жұмысына кері әсерін тигізбейді.

Бірақ түрменің аты – түрме. Түрменің аурасы бөлек. Темір тордың иісі мұрнына барып, бойын қорқыныш билейтіні анық.

Сол кезде ер адамда: «әйеліме қол көтерсем, көретін күнім осы екен ғой» деген ой пайда болады. Одан кейін екінші рет әйеліне қол көтеруі неғайбыл.

Үшіншіден, бізде абьюзерлердің тізімі құрылған база жоқ. Бұл база бізге не үшін қажет? Егер ер адам отбасына әлімжеттік көрсететін азамат болса және оның есім-сойы тізімде тұрса, бұл қол көтерушілер санын едәуір азайтады. Себебі алимент істерінде жалтарып жатқан жағдайда тізімде бар екені анықталса, алимент мәселесі тез шешіледі. Немесе екінші рет үйленетін азаматты болашақ келіншегі тізімде бар-жоқтығына қарай таңдайды.

Төртіншіден, әйел адам құзырлы органдарға қоңырау шалғанда шағымды қабылдап алушы, істі ары қарай жеткізуші – ер адамдар. Мұндай жағдайда ер адамның ер адамға болысатыны айдан анық. Сондықтан бізге тұрмыстық зорлық мәселесіне келгенде бұл іспен әйел полицейлердің айналысқаны жөн.

Одан бөлек, әйел полицеймен бірге психологтың да келгені дұрыс. Өйткені психолог істің қаншалықты насырға шапқанын анықтап, әйелдің психологиялық хал-ахуалына баға береді. Нәтижесінде психологтың арқасында іс сотқа дейін жетуі керек, – деді заңгер.

Жалпы қайткен күнде де бізге қатаң заң ауадай қажет. Мәселен, елімізде көлік жүргізуге келгенде – заң қатал. Ішімдік ішкен жағдайда жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген. Сондықтан азаматтарымыз ішімдік ішпек түгілі көлікте қымызды да тұтынбауға тырысады. Бұл заңға бар әлеумет бағынуға мәжбүр. Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай: «Тәртіпке бағынған ел – құл болмайды».

«АТУ ЖАЗАСЫН ҚОЛДАНУ ҚАЖЕТ ДЕР ЕДІМ»

Зорлық-зомбылық тәрбиесіздіктен де туындайды. «Тәрбиесіздік – ол адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім келешекте адам өміріне апат әкеледі» деген болатын ұлы бабамыз Әбу насыр әл-Фараби. Балалар құқығын қорғау – егемен еліміздің асыл құндылығының бірі. Сол үшін өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарының сақталу жолында аянбай еңбек етуі керек. Балаларға қамқорлық жасау, оның абыройы мен құқығын құрметтеу – бұл тек мемлекеттің ғана емес, жекелеген әрбір адамның міндеті. Жалпы бізде балаға да, анаға да бірдей қамқорлық танытып келе жатқан мекеме бар. Ол – Жандос Тұсмағамбетов басқарып отырған тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы.

Қоғамда зорлық-зомбылық мәселесі үлкен әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Соған орай облыста 2017 жылы облыс әкімдігі мен облыстық жұмысты ұйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы құрылып, жұмыс істеп келеді.

– Заң жобасы қаралып жатқанынан хабарым бар. Өте орынды көтеріп жатыр. Оған біздегі әлеуметтік желідегі қоғам белсенділері, депутаттар өз ұсыныстарын білдіруде. Осы орайда біздің орталық ұжымының да өз ұстанымы бар. Зорлық-зомбылық мәселесі – өте өзекті проблемаға айналып отыр. Негізі қазір әрбір қазақстандықтың үштен бірі осы зорлық-зомбылықтың құрбаны болып саналады. Мұны ешкім де жоққа шығара алмайды. Сондықтан заңды күшейтуге барынша атсалысуымыз керек.

Жалпы біздің орталыққа келетін нәзік жандардың көбі – ауылдан. Тіпті арасында әлі орталық жайлы естімегендері қаншама... Әлеуметтік желідегі парақшамыз немесе сенім телефондары арқылы біздің орталыққа келген көмекке мұқтаж жандардың 90%-астамы әйелдер. Әрине, олар өздері ғана емес, балаларымен бірге келеді. Сондай-ақ жыл артқан сайын олардың саны азаяр емес. Қайта орталықты паналаушылар қатары көбеюде. Негізі орталыққа келген адамға алты ай тегін қызмет көрсетіледі. Әрқайсысымен бірнеше бағытта психологиялық-құқықтық тұрғысынан болсын, медициналық жағынан болса да жұмыс жүргізіледі. Олар жетіскеннен келмейді, амалдың жоқтығынан келеді. Айта кету керек, келетін жандардың көпшілігі – зорлық көргендер. Олар қиын жағдайларын жақындарына, ағайындарына айтқанымен ешқандай көмек көрмеген. Сол себепті жылылықты та, қамқорлықты да, құқығын қорғау жолын да осы орталықтан табуда.

Ал педофилдерге байланысты айтар болсам, ату жазасын қолдану керек дер едім. Өзім күнделікті зорлық көрген ана мен баланың жағдайын көріп, осы ортада күресіп жүргендіктен оңай емес екенін білемін. Сондықтан педофилдерді түрмеге отырғызып, мемлекет несіне асырауы қажет? Уақытша жыл берудің керегі жоқ. Неге? Өйткені ол адам бәрібір ол жақтан жақсы болып шықпайды. Сол үйреншікті ісіпен қайта айналысып, басқа адамның тағдырына қиянат жасайды.

Үш жастан былай қарай сәбиден бастап зорлап жатқан адамды адам деуге де келмейді. Елімізде ату жазасы жоқ, әрине. Ең құрығында темір тордың ар жағында өмірінің соңына дейін шығармауды қолға алу қажет. Жалпы айтқанда, заңды күшейту керек, – деді орталық директоры.

ЖЫЛАҒАН ЖӘМИЛӘНІҢ ЖАҒДАЙЫ

Тегін толық айтудан бас тартқан кейіпкеріміз Қызылорда облысының тұрғыны. Жасы қырыққа жақындаған Жәмилә бес баланың анасы. Жастайынан өгей әкенің құқайын көрген ол тұрмысқа ерте шығады. Үйдегі қорлықтан құтылдым дегенімен, некедегі жолдасы ішіп келіп, Жәмиләға өгей әкесін есіне түсіріп, қол жұмсайтын болған. Ол өзінің басынан өткенін айтып беруден бас тартпады. Көзіне еріксіз жас келсе де әңгімесін өрбіте түсті.

– Зорлықты мен алғаш рет он бес жасымда көрдім. Негізі өгей әке ешқашан жақын болмайды. Көбіне далада қонатынмын. Себебі де белгілі, екінші әкемнің көзіне түспес үшін... Анам мені туғанымен, маған жаны ашымайтын. Екінші күйеуінің сөзін сөйлеп, соны жақтайтын. Қазір анам бақилық болды. Ал ана кісі тағы бір қызға зорлық көрсетіп, түрмеде жатыр деп естідім. Содан құтылу үшін тұрмысқа да ерте шықтым.

Күйеуіме басында-ақ бәрін жасырмай айтқанды жөн көрдім. Түсінген сыңай танытты. Одан кейін дүниеге баламыз келді. Ол кезде де отбасылық өмір тыныш өтіп жатты. Бірақ кейіннен жолдасым ішіп келіп, менің зорлық көргенімді бетіме басатын болды. Одан қол жұмсай бастады. Өзімді кінәлі сезініп, үндемейтінмін. Еркекпен ерегіспей, үнсіз жеңемін деп ойлап келдім. Бірақ олай болмайды.

Бір күні мас күйінде келіп, маған өгей әкемнің жасаған зорлығын көрсеткісі келді. Үйден қашып, көршілерге барып, жасырынған сәттер болды. Бұл жағдай одан кейін бірнеше рет қайталанды. Адам болмайтынын түсіндім, бес баламмен үйден кетіп қалдым. Енді сот арқылы ажырасқым келеді. Бірақ жолдасым алимент төлейтінін біліп, оны есептеп, ажырасуға келісім бермей жүр. Ал мен өзім үшін де, балалардың болашағы үшін де шешім қабылдап қойдым. Әйтпесе онымен бірге бір шаңырақ астында тұру мүмкін емес, – деп көз жасын бір сүртіп, әңгімесін қайта жалғастырды.

– Негізі қыздарға, балаларға зорлық көрсеткендерге заңды қатаң түрде күшейту керек. Оларды бірнеше жыл бас бостандығынан айырып, қайта шығаруға болмайды. Мысалы, бір ғана өгей әкемді алып қарасақ, ол маған зорлық көрсетті. Менен кейін тағы бір қызды қинаған. Ал маған дейін оның не істегенін кім білсін? Егер ол тағы бостандыққа шықса, сол жолмен жүрері анық. Өйткені оған зорлық көрсету қанына сіңіп кеткен. Ондайлардан қоғам қорқу қажет. Мен тіпті сол заңға «ату жазасы керек» дер едім. Бірақ елімізде ондай жаза қолданылмайды. Әйткенмен педофилдер қорқатындай, ойланатындай жаза болса деп ойлаймын. Осы уақытқа дейін олар қаншама адамның тағдырымен «ойнап» келді. Зорлыққа тап болғанның кейбірі көтере алмай өліп кетуі де мүмкін ғой. Тірі қалғанның өзінде өмірі менікіндей өксікпен, өкінішпен өтеді. Мұндай сұмдықты тек басынан өткізген тағдыр иесі ғана түсінеді.

Ана ретінде айтарым, балалы адам ұлдың да, қыздың да тәрбиесіне мықты қарауы керек. Балалар үйдегі зорлықты, қорлықты, ұрысты көріп өспеуі қажет. Менің үйден кеткен себебім де осы болды. Ондай рухани жан қиындығын көрген баланың тағдыры не болмақ? Айналып келгенде біз олардың болашағына жауаптымыз. Мен шешем сияқты болғым келмейді. Ол дұрыс тәрбие бере алмады, бірақ Құдай маған сана берді. Өткенімді өзгерте алмаймын, бірақ болашағымды жақсы етуім әбден мүмкін. Бес балам бар кезде бәрі жақсы болады деген сенімім зор, – деді Жәмилә жігерлене.

Расында, халық даналығында «Адамнан адам тәлім алады, ағаштан ағаш мәуе алады» деген сөз бекер айтылмаған. Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесіндегі қос босаға – тәртіп пен мәдениет күллі адам атаулының күнделікті әдеттеріне айналған кезде, біздер мейірімі мол қайырымды қоғамды құрып қана қоймай, зорлық-зомбылықсыз балалық шақтың шаңырағын биіктете түскен болар едік.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

«Әйелді ұрма, сағы сынады, баланы ұрма, бағы таяды» деген ата-бабаларымыз әйелді де, баланы да ұрмай-соқпай-ақ ақылмен басқара білген. Сондықтан отбасы берекесін кетірмей, татулықта ұстау – есті азаматтар ескеріп жүретін жайт. Иә, кейіпкеріміз айтқандай, заң қатаң күшіне еніп, әр баланың балалық шағы зорлықпен, қорқынышпен емес, бақытты сәттермен, қамқорлықпен өтуі керек, ағайын!

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Басы 1-бетте

Анна КУБАС,
АҚШ-тан келген мұғалім:

ӘЛЕМДІ ҚАЗАҚТЫҢ КӨЗҚАРАСЫМЕН ТАНЫП ЖҮРМІН

– Анна, әңгімені өзіңізді таныстырудан бастасаңыз...

– АҚШ-тың Джорджия штатынанмын. Солтүстік Джорджия университетінде жоғары білім алдым. Оқушы кезімнен орыс тілі мен корей тілін үйреніп жүретінмін. Оқу бітірген соң мен барлық жас сияқты кім боларымды, әрі қарай не істерімді білмедім. Ойланып жүріп, өзіме, өмірлік дамуыма әсер еткен ұстаздарымның жолын қуып, білім саласына тұрақтаймын деп шештім. Мұғалім болғым келді. Осылайша түрлі мүмкіндіктерді қарап, іздене жүріп, Қазақстанға келіп жұмыс істеуге және өмір сүруге болатынын білдім. Бакалаврда оқып жүрген кезде-ақ қазақтардың тарихы жайлы азды-кем білетінмін. Қазақстанға барып жұмыс істеп, қазақ балаларына ағылшын тілі бойынша білім беремін деп шештім. Ал бос уақытымда маған жүгіру, табиғат аясында, тыныштықта жаяу жүру, тіл меңгеру ұнайды. Қазір 23 жастамын.

Бос уақытымда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері үшін «speaking club» өткізіп тұрамын. Бұрын аптасына 3 күн болса, қазір 4 күнімде де ағылшын тілінде сөйлесу практикасын өткізуге арналған уақыт бар. Ұлттық мәдениет, мерекелер, ойындар тақырыбында ағылшын тілінде әңгімелесу арқылы сөйлесу деңгейін арттырудамыз. Қатып қалған формат жоқ. Кейде фильм қарап, кейде шай ішеміз. Сонымен бірге қаладағы «Кітап құрттары» клубының оқырмандары үшін де ағылшын тілінде сөйлесу деңгейін арттыруға арналған практикалық сабақ өткізіп тұрамыз.

– Неге Қазақстанды таңдадыңыз?

– Қазақстан мен КСРО тарихына университет қабырғасында ерекше қызығатынмын. Әрі орыс тілін қызыға үйренуім де Қазақстанға жетелеген шығар. Себебі студент кезде орыс тілі сабағынан Әсел есімді қазақстандық ұстаз сабақ беретін. Ұстазым арқылы елдің тарихына қанығып, Орталық Азия елдері туралы көп нәрсені білдік. Палауды қалай дайындайтынын және қазақ тіліндегі бірнеше сөзді жаттап алдық. Орыс тілі мен мәдениеті жайлы бір кісідей білімім бар. Енді орыс тілін басқа елдер мен олардың мәдениеті туралы білуге құрал ретінде қолданудамын. Ал орыс тілін үйренуді мектеп кезден бастаған едік. Мен оқыған мектепте ұлттық тілден бөлек екі шет тілі оқуға ұсынылды. Испан немесе орыс тілінің бірін таңдап, сол бойынша базалық білім алдық. Неге орыс тілі десеңіз, барлық сыныптасым испан тілін таңдаған кезде басқаларға ұқсамауым керек деген ниетпен соны таңдаған едім. Украиндық апайымыз арқылы орыс тілін үйренгеніме еш өкінбеймін.

Менде жалғыз жүруге, шетелге баруға қорқыныш жоқ. Себебі мен Қазақстан өмір сүруге қауіпсіз елдің бірі екенін білдім. Әрі өткен жылдары Еуропаның бірнеше еліне жалғыз саяхаттап көрген едім. Сондықтан жаңа елге көшу, оның тарихын, тұрмысын тану мен үшін қызығырақ. Өткен жылдың қыркүйек айында жалғыз көшіп келдім. Бірақ мен үшін мұның барлығы қалыпты. Шынымды айтсам, Қызылорда қаласын өзім таңдаған жоқпын (күліп). Бірақ бұл қала маған ұнайды, сондай жылы, ерекше аурасы бар.

– Қызылордалықтар туралы алғашқы әсеріңізбен бөліссеңіз...

– Негізі Оңтүстік Қазақстанға, яғни Шымкент қаласына немесе Түркістан облысына барғым келген еді. Бірақ елдегі АҚШ елшілігі мені Қызылордаға жіберді. Көшіп келген кезімде күз айы болатын. Бұл жақтың адамдары ерекше ашық-жарқын, мейірімді, көмек көрсетуге дайын. Әрине, джорджиялықтардан айырмашылығы көп. Мен таудың қызымын. Туған жерімде таулы қыраттар жиі кездеседі. Ал мұнда келгенде кең жазық далада жүргендей әсерде болдым. Мұның барлығы мен үшін тың, қызықты дүние. Қызылордадан бөлек Астана мен Алматы қаласында да болдым. Алматыдан АҚШ-тың қалаларына ұқсастық байқалады, аурасы бөлек. Бірақ Қазақстанды толық тану үшін Астана мен Алматыны білу жеткіліксіз. Ол үшін өзге облыстары мен аудандарын толық аралау керек.

Қызылордалықтардан шай ішуді үйрендім. Тіпті шіліңгір шілденің ыстығында да шай ішетінін білгенде, таңқалғаным рас. Қызылордаға келгелі мен адамдарға, жаңа идеяларға ашық бола түскендеймін. Қай елде тусаң, кез келген дүниеге сол ұлттың көзімен қарайсың. Әлемге қазақтардың көзқарасымен қарау мүмкіндігіне ие болғаныма қуаныштымын. Ал қазақ асханасынан маған қуырдақ, ет тамақ пен бауырсақ қатты ұнады. Бірақ құртты жақсы көре алмадым. Тым қатты тұздалғандықтан ұнамаған секілді.

– Туған жерге оралу ойда бар шығар?

– Иә, мендегі виза шілде айына дейін жарамды. Сондықтан маған шілдеге дейін Қазақстаннан шығып кету керек. Америкаға кері оралып, аспирантураға оқуға тапсырсам деген мақсатым бар. Америка мен Қазақстанның басты айырмашылығы – адамдардың өзара қарым-қатынасында. Қазақстанның, әсіресе Қызылорданың халқы бүтін бір отбасы секілді. Адамдар бір-біріне сондай жақын, қамқор. Әрине, мұны артықшылығы деуге де, кемшілігі деуге де болады. Себебі адамдардың бір біріне көмектесуі, жағдайын сұрасып, үнемі байланыста болуы ұнайды. Алайда мұның американдықтардан байқалмайтын бір кемшілігі бар: тым тығыз қарым-қатынас жасау барысында сыйластық пен жеке шекараны бұзудың аражігі ажыратылмайтындай. Яғни мұндағы адамдар сенің бос уақытыңда не істейтініңді, кіммен жүргеніңді, жеке өміріңді, бәрін білгісі келеді. Жеке шекараны сақтамау мені қорқытады. Американдықтардың ерекшелігі – 18 жасқа толған әрбір азамат ата-анасынан бөлініп, жеке өмір сүруінде. Яғни өз мәселесін өзі шешіп, қалағандай өмір сүруіне мүмкіндік бар. Бірақ оның да кемшін тұсы бар. Кейде өзімізді тым жалғыз сезінеміз...

– Қазақ тілін үйрену қаншалықты қиын?

– Орыс тілін үйренуге қарағанда оңайырақ дер едім. Себебі орыс тілінде бір сөздің айтылуының бірнеше нұсқасы бар, оқылуы мен айтылуында бөлек ережелер бар. Бірақ грамматикасы қиын емес. Ал қазақ тілінде нақтылық бар. Сонысымен ұнайды. Қазақ тілінде біраз сөз үйреніп қалдым.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Басы 1-бетте

Әңгімелескен **Аделина РАХМАН**

ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ САҚТАЛСА ЕКЕН

Қазақ «өнер алды қызыл тіл» деп тілді өнердің шыңы, ұлттық байлықтың ең үлкені санаған. Атам қазақ ана тілін мақтаныш тұтқан. Ал қазір ше? Атамен келген, ана сүтімен сіңген тіл күнненкүнге шұбарланып бара жатқанын байқайсыздар ма, тура бір шұбар жылан іштен кеміріп жарымжан етейін деп жатқанын көрмедіңіздер ме? Маған кеңестік заманнан қалған кейбір шала қазақтар, бар білімі инстаграм мен ютубқа ғана жетіп, кітап оқымайтын қазіргі ұрпақ өкілдері және көкірегіне үрей ұялап, көп айтса көндім дейтіндер: «Қойшы, бұзылған ештеңе жоқ, бәрі нормально» деуі мүмкін. Бірақ тіл бұзылуы асқынып бара жатқан сияқты. Осы орайда бірнеше мысал келтірейін. Қазаққа Пәленше Түгеншеұлы деген сөз қайдан келген осы?

Әрине, орыстар әкелді. Орыстар бір-біріне: Иван Иванович, Николай Степанович десе жарасар. Ал қазаққа қазақ бетіне қарап: Сәрсенбай Дүйсенбайұлы десе ше? Жарасса, бұйырмасын. Атам қазақ бұрын біреудің бетіне қарап тұрып, Пәленше Түгеншеұлы деп айтпаған. Тек сыртынан немесе қайтыс болған марқұмға құран бағыштағанда ғана айтқан. Тіпті хандарға, билерге де атына хан немесе би деп дәрежесін қосып айтқан. Кеңес өкіметі кезінде жаппай орыстану саясаты орысқа еліктеп сөйлеуді үйретті. Әсіресе лауазымды партократтар солай сөйлеуге дағдыланды. Баяғы заманда адам атына әкесінің атын қосып айту тіпті орыста да болмаған. Оларға да кейін келген.

Мен институт бітірген соң жолдамамен Самара қаласында жұмыс істедім. Жұмыс бабымен орыс әжейдің үйінде пәтер жалдап тұрдым. Жетпісті алқымдаған жалғызбасты Клава апай шешемдей боп кетті. Сол кісі орыс тарихы мен әдет ғұрпының нағыз білгірі екен. Мен сол кісіден көп қызық нәрселер білдім. Бірде сол Клава апайға: «орыстар неге бір-біріне әкесінің атын қосып айтады дегенімде ол кісі: «ой, балам-ай, қайбір жетіскеннен дейсің? Сендер балаға ат қою жағынан өте байсыңдар. Бір ауылда аттас адамдар кейде тіпті кездеспейді. Ал бізде бір қыстақта жиырма Иван, сонша Николай, он бес Вася, сонша Степан кездесе береді. Соларды бірбірімен шатастырмау үшін әкесінің атын амалсыздан қосып айтатын болған. Кейін бұл үрдіс сыйластықтың белгісіндей боп кеткен», – деген еді. Қарап тұрсам шынында да орыстану жағынан қазақ алдына жан салмапты. Қырғыз, өзбек басқа да түркітілдес ағайындар Асқарды Асеке, Ахмадты Ахмат әка деп теледидардан хабар беріп жүр ғой. Қандай жарасымды. Біздің қазақ журналистер әкесіндей адамға бетіне бақшия қарап тұрып Сәрсенбай Дүйсенбайұлы дегеніне мәз. Қазақта да Асанбекті жастар Асанбек аға деп, қатарлары Асеке деп атаса, сондай жарасымды болар еді. Өйткені ол қазақтың таза өз әдет ғұрпы емес пе? Кімге жалтақтай береміз осы?

Баяғыда ел алдына шығып сөйлейтін шешендер, билер, ақын-жыраулар болған. Жұрт солардың әңгімесін естіп, ана тілінің құдіретінен сусындайтын болған. Ал қазір халық алдына ең көп шығып сөйлейтіндер, әрине, журналистер. Оларды ел сөз өнерінің білгірі деп санайды. Солай болу да керек. Өкінішке қарай, қазақ тілін бұзып айтатын журналистер де көбейіп барады. Журналист теледидардан қалай айтса, жас ұрпақ тура солай айтып келеді. Ол – заңдылық. Қазіргі жастар сөздің мағынасы бұзылғанын түсінбейді. Өйткені кітап оқымайтын ұрпақ қай сөздің мағынасын түсінгендей. Мысалы, «Алматы қаласынан хабарласты» дегенді «Алматы қаладан хабарласты» деп, «биылғы немесе үстіміздегі жыл» дегенді «ағымдағы жыл» деп айту сәнге айналған. Сол «ағымдағы жыл» орыстың «текущий» деген сөзін аударып алған түрі. Мысалы, адамды сипаттағанда «ұзын бойлы, бойшаң» деген сөзді қазір «бойы биік, бойы жоғары» деп айту да сәнге айналғандай. Бұл да орыстың «высокий рост» деген сөзін аударып отыр. Есіктің тұтқасын «есіктің қолы» дейтіндерді де көрдік. «Ручка двериді» аударған түрі ғой. Тіпті кей журналистер жұмыс істегенді қойып, тек «жасайтын» болған ба. Атам қазақ жұмысты істеген, тапсырманы орындаған, қызметті атқарған, еңбек еткен, тек ғұмыр жасты, жағдайды, қыз жасауын жасаған еді ғой. Халықтың тілін бұрып, өздігінше жөндейтін данышпандар қайдан шыққан? Біреудің бұзып айтқанын ойланбай қызық көріп айта беретін тым еліктеуге құмар, ерме халықпыз ба сонда. Абай айтқандай, бөтен сөзбен сөзімізді былғайтын бейшара болдық па.

Біз тіліміз өте бай деп көкірек ұратынымыз қайда? Енді ағылшын мен қытай тілін араластыру қалды.

Алпысыншы жылдары Көтібар батырдың атын «Басы бар» деп өзгертіп, хабарландыру жазған кездер болып еді. Соған біраз жыл көнбіс халқымыз үйреніп те қалған болатын. Тек жарықтық Мұхтар Әуезов әлгі данышпансымақтарға: «Кісінің азан шақырып қойған атын өзгертуге құмар болмаңдар, адамда қол, аяқ сияқты басқа да мүшелері бар емес пе» деп тоқтатқан екен.

Мен тіл маманы емеспін. Бірақ ана тілімнің көп сөзін бұзып айтатындарды көріп, жаным тыныш таппайды. Тіл тазалығына арналған жиындар да, жанашырмын дегендер де жеткілікті. Сонда да әлемдегі ең әдемі, сұлу тілдің бірі бұзылып жатқан сияқты. Бұған мысалдар өте көп. Сол себепті тіл мамандары бастап, өзгелер қостап, тіл тазалығын сақтауға үлес қосайық.

Дәнше ЫРЫС

Қала тұрғыны Қалдыгүл Жәмиева тоқыма өнерін бала күнінен бойына сіңірген. Заманауи сән түрін меңгеріп, бүгінде өз ісін дөңгелетіп отырған кәсіпкер. Түрлі түсті тоқылған аяққиім, моншақтап тізбектелген сөмке көздің жауын алады. Жаны әсемдікке құмар нәзік жандардың арасында бұл қолөнер сұраныста ие.

ТОҚЫМА ӨНЕРІ СӘННЕН ДЕ, СҰРАНЫСТАН ДА ҚАЛМАЙДЫ

– Тоқыма тоқуды қайдан үйрендіңіз?.

– Бұл кәсіп анамыздан дарыған. Ісмер шешем көктемде қырқылған қойдың жүнін жуып, ұршық иіріп, бізге шұлық тоқып беретін. Отбасымызда 5 қыз бірге өсіп, ойын баласы болсақ та киіз басып қолөнерді меңгеріп өстік. Бесінші сыныптан бастап жіп пен білтегешті қолымызға алып, өз шұлығымызды тоқып үйрендік.

Төрт жыл бұрын анам төсек тартып жатып қалды. Жұмыстан шығып, анама қарайластым. Үйде отырған соң жан-жақты ізденіп, өзімді дамыта бастадым. Қолөнерге келмес бұрын құрақ құрадым. Кейін әлеуметтік желіден тоқыма өнерінің заманауи түрлерін байқап, өзіме таныс тоқыма өнерін қолға ала бастадым. Тоқыма үйрететін курстардан білімімді жетілдіріп, қолөнердің жаңаша әдіс-тәсілдерін үйрендім.

– Тұтынушылар арасында сұраныс қалай артты?

– Азын-аулақ ақшамен Алматыдан бес дана аяққиім табанын алдырып, тоқымашылықты бастадым. Бұл кәсіпті қолға алғанымды естіген анам «сенің алғашқы тұтынушың мен болайын» – деп, тапсырыс берді. Осылайша тоқымашылықтағы алғашқы ұстазым да, тұтынушым да – анам. Аяққиім ғана емес, жаңа курстар оқып, сөмке, күртеше, қалпақ, телпек тоқи бастадым. Жақындарым әлеуметтік желідегі парақшасында жариялап, таныс-тамырына айтып, мейрам, туған күндерде тапсырыс беріп қолөнеріме өзгелердің де қызығушылығы артты. Аяққиім әрлеуіне, жіптің сапасына қарай 5000-15000 теңге арасындағы бағаны құрайды. Тұтынушы үшін де тиімді баға деп ойлаймын.

– Тоқыманы алғаш рет үйренетін жан үшін нені білуі керек?

– Әрбір жанға жаңа істі үйрену үшін әуелі ниет керек. Сосын біз, ілмек пен иірілген жіп керек. Тоқу біздері түзу, екі жағы немесе бір жағы ғана үшкір және айналдыра тоқу үшін иілме болып келеді. Тігіссіз бұйым тоқу үшін иілме біз немесе үш, төрт, бес инелі біз пайдаланылады.

Иілмелі сымды айналдыра тоқиды. Бітеу етіп тек оң жағынан бес бізді сымды пайдаланып тоқиды. Бұл құрал мен тігіс түрі күрделі емес базалық тоқу түрлеріне жатады. Тоқуға деген қызығушылық оянса, «youtube» арнасынан көріп те қайталап үйренуге болады.

– Тұтынушы қатарын аттырудың тиімді жолы – әлеуметтік желіде белсенді болу. Желіде қаншалықты белсендісіз?

– Әрбір істеген жұмысымды, тоқыған қолөнерімді әлеуметтік желіге жүктеп отырамын. Тек қана қала емес, басқа өңір, аудан-ауылдардан тапсырыс түсіп жатады. Үлкен өлшемдегі аяққиіммен қатар кішкентай сәби байпағын да тоқимын. Сондықтан әлеуметтік желіден көрген оқырман көздің жауын алар сәби шұлығына да тапсырыс береді. Бұл кәсіпке қызығушылық танытып,

оқытқан шәкірттерім де баршылық. Сондай-ақ тоқымашылар арасында өз тобымыз бар. Бір-бірімізбен тығыз байланыстамыз.

Алдағы уақытта әлеуметтік саладағы арнайы жеңілдетілген несие немесе қайтарымсыз грант секілді мемлекет тарапынан қаржылай қолдау болса, кәсібімді одан әрі кеңейтер едім, – деді тоқымашы.

Бүгінде қазақтың қолөнер мұрасы – тоқымашылық өнерін өрге сүйреп, кәсібін заманауи үлгіде дөңгелетіп отырған ісмер Қалдыгүл Жәмиева ұмыт болған өнерді қайта жаңғыртып, еңбегінің жемісін көруде.

Сұхбаттасқан
Марина САҒИДАТБЕК

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2973 **Тапсырыс №286**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Марина САҒИДАТБЕК